

2025 жылдың қаңтарында жобаны талқылау үшін Әзербайжанның Каспий кеме қатынасы компаниясымен (ASCO), Баку портымен, ADY Express компаниясымен (Әзербайжан темір жолдарының еншілес құрылымы), EVRASCON (паром терминалдарын жобалаушы), Грузин теміржолы компаниясымен, сондай-ақ TRACECA хатшылығымен (ағылш. Transport Corridor Europe-Caucasus-Asia, TRACECA) кездесулер ұйымдастырылды. Барлық компания жобаға қатысуға қызығушылық білдіріп, қолдау көрсететіндерін жеткізді – алдағы іс-шараларды бірлесіп үйлестіру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. 2025 жылдың наурыз айында жоба ТХКБ қауымдастығының мүшелеріне таныстырылып, ол жерде да жоба қолдау тапты.

2025 жылғы 1 шілдеде ҚТКФ, ADP, ASCO және CIMS Құрық және Алят порттары арасында транскаспий паром тасымалдарын дамыту жөніндегі ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Техникалық-экономикалық негіздемені әзірлейтін консультантты таңдау жұмыстары бірлесіп жүргізілуде, бұл құжат әлеуетті жүк базасын, инфрақұрылымдық қажеттіліктерді, инвестиция көлемін және жобаны одан әрі іске асыру форматын айқындайтын болады. Жобаның бұл кезеңіне қатысу үшін «Қазақстан Темір Жолы» АҚ да шақырылды. Сонымен қатар World Bank-тің International Finance Corporation (IFC) бөлімшесі жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін (ТЭН) бірлесіп қаржыландыруға мүдделі екенін білдірді. ТЭН әзірлеу жұмыстары 2026 жылдың бірінші жарты жылында аяқталады деп күтілуде, оның қорытындысы бойынша жобаны одан әрі іске асыру туралы шешім қабылданады.

Мұнай өңдеу және маркетинг

ҚМГ-ның мұнай мен конденсатын өткізу, мың тонна

Активтер	2023			2024			2025		
	Экспорт	Ішкі нарық	Барлығы	Экспорт	Ішкі нарық	Барлығы	Экспорт	Ішкі нарық	Барлығы
Операциялық активтер ²	5 406	8 302	13 708	5 884	8 518	14 402	5 631	8 740	14 371
Соның ішінде ЕТҰ ³	2 955	4 980	7 935	3 169	5 224	8 383	2 985	5 411	8 396
Мегажобалар ⁴	9 978	9	9 987	9 616	1,04	9 987	11 908	1,04	11 909
Барлығы	15 384	8 311	23 695	15 500	8 519	24 019	17 539	8 741	26 281

¹ Жиырмафуттық эквивалент.

² Өзенмұнайгаз, Ембімұнайгаз, Қаражанбасмұнай, Қазгермұнай, PetroKazakhstan Inc., Қазақтүрікмұнай, Қазақойл Ақтөбе, Маңғыстаумұнайгаз, Өріқтау Оперейтинг, Доңға, Урал Ойл энд Газ.

³ Өзенмұнайгаз, Ембімұнайгаз, Қазақтүрікмұнай, Өріқтау Оперейтинг.

⁴ «ҚМГ Қашаған Б.В.», «ҚМГ Қарашығанақ», ТШО.

2026 жылға арналған жоспарлар

1 Ашық теңіздердегі флотты дамыту:

«Афрамекс» немесе «Суэцмакс» үлгісіндегі екі танкерді сатып алу жөніндегі жобаны іске асыру.

2 AD Ports Group-пен ынтымақтастық:

- Сыймдылығы 780 ЖФЭ¹ контейнерлік кемелерді салу жөніндегі жобаны іске асыру;
- ASCO (Әзербайжан) және Қазақстан темір жолының қатысуымен транскаспий паром жүйесін құру бойынша техникалық-экономикалық негіздемені бірлесіп әзірлеу.



Мемлекет басшысының тапсырмасын және ҚР Үкіметінің тапсырмаларын орындау үшін ҚМГ Қазақстан Республикасының «Мұнай өнімдерінің жекелеген түрлерінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік реттеу туралы» заңына Қазақстанның мұнай өңдеу зауыттарына мұнай жеткізу жөніндегі бөлігіне қазіргі кезде енгізіліп жатқан түзетулерді ескере отырып, мұнай өңдеу зауыттарын аралас схемаға көшіру жөніндегі жұмысты жалғастыруда. Аралас схема бойынша және заңға түзетулерге сай жер қойнауын пайдаланушымен байланысты тұлға төменде көрсетілген талаптардың кемінде біреуі сақталған кезде мұнай жеткізуші болып танылады:

- жер қойнауын пайдаланушы акцияларының (қатысу үлесінің) 50 және одан да көп пайызы мұнай жеткізушіге тиесілі;
- мұнай жеткізушінің акцияларының (қатысу үлесінің) 50 және одан да көп пайызы жер қойнауын пайдаланушыға тиесілі;
- мұнай жеткізуші мен жер қойнауын пайдаланушы оған/оларға мұнай жеткізушінің және жер қойнауын пайдаланушының акцияларының (қатысу үлестерінің) жиынтықты елу және одан көп пайызы тікелей немесе жанама түрде тиесілі тұлға (тұлғалар) басқарады.

ҚМГ-ның өз мұнайынан мұнай өнімдерін өндіруге арналған шикізат Өзенмұнайгаз, Ембімұнайгаз, Қазақтүрікмұнай және Өріқтау Оперейтинг

кәсіпорындарынан АМӨЗ, ПМХЗ және ПҚОП-қа жеткізіледі. Шығарылған мұнай өнімдері ішкі және сыртқы нарыққа көтерме сауда арқылы өткізіледі. Ішкі нарық қажеттілігін қамтамасыз ету үшін ішкі нарыққа ҚМГ үлесіне тиесілі мұнай мен газ конденсатын жеткізу көлемі 8 741 мың тоннаны құрады (2024 жылы — 8 519 мың тонна), соның ішінде операциялық активтердің (Өзенмұнайгаз, Ембімұнайгаз, Қазақтүрікмұнай және Өріқтау Оперейтинг) 5 411 мың тонна шикі мұнайы (2024 жылы – 5 224 мың тонна) өңдеу және мұнай өнімдерін сату үшін Атырау мұнай өңдеу зауытына (АМӨЗ), Павлодар мұнай-химия зауытына (ПМХЗ) және Шымкент мұнай өңдеу зауытына (ПҚОП) жіберілді.

Мұнай өңдеу активтерінің құрылымы

ҚМГ-ның көмірсутек шикізатын (КСШ) өңдеу секторындағы өндірістік кешеніне Қазақстан аумағындағы төрт ірі мұнай өңдеу зауыты (МӨЗ) және Еуроодақтағы ҚМГ-ның жалғыз активі – мұнай өңдеуді және мұнай өнімдерінің кең желісін шығаруды қамтамасыз ететін Румыниядағы екі зауыттан тұратын кешен кіреді.

ҚМГ-ның мұнай өңдеу зауыттары

Көрсеткіш	Қазақстан			Румыния	
	АМӨЗ	ПМХЗ	ПҚОП	Caspian Bitum	Петромидия Вега
Орналасқан жері	Атырау	Павлодар	Шымкент	Ақтау	Нэводарь Плойешть
Пайдалануға берілген жылы	1945	1978	1985	2013	1979 1905
Жобалық өңдеу қуаты, млн тонна	5,5	6,0	6,0	1,5	6,0 ¹ 0,5
2025 жылғы жүктеме, %	99	96	104	46	98 ² 79
ҚМГ-ның иелік ету үлесі, %	99,53	100	49,72	50	54,6 54,6
Нельсон индексі	13,9	10,5	8,2	–	10,5 –
Энергия сыйымдылы индексі, EII	114	113	113,3	–	92,5 –
МӨЗ-дің тең иелері	–	–	CNPC	CITIC	Румыния Үкіметі Румыния Үкіметі

¹ Жобалық қуаты жылына 5 млн тонна көлеміндегі мұнай мен жылына 1 млн тонна басқа да КСШ өңдеуді қамтиды.

² Петромидия МӨЗ-нің жүктемесі — Соломон әдісі бойынша 97,5 % (Solomon Associates).

2025 жылы КСШ өңдеудің жалпы көлемі 2024 жылмен салыстырғанда 9,5 % ұлғайып, 20 980 мың тоннаны.

КСШ өңдеудің шоғырландырылған көлемі, мың тонна

Кәсіпорындар	2023	2024	2025
Қазақстандағы МӨЗ			
АМӨЗ	5 475	5 547	5 471
ПМХЗ	5 434	5 500	5 765
ПҚОП (50 %)	2 870	2 872	3 114
Caspi Bitum (50 %)	427	327	348
Қазақстандағы МӨЗ бойынша жиыны	14 206	14 246	14 698
Румыниядағы МӨЗ			
Петромидия	5 012	4 619	5 886
Вега	374	293	395
Румыниядағы МӨЗ бойынша жиыны	5 387	4 912	6 282
Барлығы	19 593	19 158	20 980

Қазақстанның және Румынияның зауыттарында мұнай өнімдерін шығару көлемі 10,1 % артып, 19 708 мың тоннаны құрады.

- Қазақстандық МӨЗ-дер жоғары тарихи межеге жетіп, 13 528 мың тонна мұнай өнімдерін өндірді, бұл 2024 жылғы көрсеткіштен 3,4 % артық.

- KMG International зауыттарында (Петромидия, Вега) мұнай өнімдерін шығару 28,5 % артық болып, 6 180 мың тоннаны құрады. Бұл негізінен зауыттарда тиісінше өңдеу көлемінің ұлғаюына байланысты болды.

Мұнай өнімдері өндірісінің шоғырландырылған көлемі, мың тонна

Кәсіпорындар	2023	2024	2025
Қазақстандағы МӨЗ			
АМӨЗ	4 858	5 025	4 904
ПМХЗ	5 034	5 084	5 385
ПҚОП (50 %)	2 638	2 653	2 894
Caspi Bitum (50 %)	421	323	345
Қазақстандағы МӨЗ бойынша жиыны	12 951	13 085	13 528
Румыниядағы МӨЗ			
Петромидия	4 848	4 521	5 786
Вега	373	288	394
Румыниядағы МӨЗ бойынша жиыны	5 221	4 809	6 180
Барлығы	18 172	17 894	19 708

Қазақстандағы мұнай өңдеу

ҚМГ үлесіне көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі, мың тонна

Зауыт	2023	2024	2025
АМӨЗ	5 475	5 547	5 471
ПМХЗ	5 434	5 500	5 765
ПҚОП (50 %)	2 870	2 872	3 114
Caspi Bitum (50 %)	427	327	348
Барлығы	14 206	14 246	14 698

2025 жылы ҚМГ зауыттары мұнай өңдеу бойынша жоғары тарихи межеге жетті, өңдеу көлемі 3,2 % өсіп, 14 698 мың тоннаны құрады. Көрсеткіштердің өсуіне 2025 жылы ПҚОП-тың алдын алу жоспарлы

жөндеуге тоқтамай, үздіксіз жұмыс істегені, сондай-ақ жеңіл мұнай өнімдері өндірісін барынша арттыру мақсатында ПМХЗ-ға мұнай жеткізу көлемдерінің ұлғаюы оң ықпал етті.

ҚМГ үлесіне мұнай өнімдерінің өндірісі, мың тонна

Мұнай өнімдері	2023	2024	2025
АМӨЗ	4 858 (100 %)	5 025 (100 %)	4 904 (100 %)
Жеңіл мұнай өнімдері ¹	3 602 (74 %)	3 705 (74 %)	4 104 (84 %)
ою мұнай өнімдері ²	1 073 (22 %)	1 013 (21 %)	565 (12 %)
Мұнай химиясы ³	49 (1 %)	136 (3 %)	96 (2 %)
Басқасы	134 (3 %)	171 (4 %)	138 (3 %)
ПМХЗ	5 034 (100 %)	5 084 (100 %)	5 385 (100 %)
Жеңіл мұнай өнімдері	3 895 (77 %)	4 021 (79 %)	4 282 (80 %)
Қою мұнай өнімдері	809 (16 %)	793 (16 %)	746 (14 %)
Басқасы	330 (7 %)	271 (5 %)	357 (7 %)
ПҚОП (50 %)	2 638 (100 %)	2 653 (100 %)	2 894 (100 %)
Жеңіл мұнай өнімдері	2 222 (84 %)	2 262 (85 %)	2 544 (88 %)
Қою мұнай өнімдері	410 (16 %)	385 (15 %)	343 (12 %)
Басқасы	6 (0,3 %)	7 (0,3 %)	8 (0,3 %)
Caspi Bitum (50 %)	421 (100 %)	323 (100 %)	343 (100 %)
Қою мұнай өнімдері	179 (43 %)	121 (38 %)	142 (41 %)
Басқасы	242 (57 %)	201 (42 %)	203 (59 %)
Барлығы	12 951	13 085	13 528

¹ Бензин, дизель отыны, авиаотын және сұйытылған газ.

² Мазут, вакуумдық газойль және битум.

³ Бензол және параксиллол.

Жеңіл мұнай өнімдерін шығару, %

Зауыт	2023	2024	2025	2024 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, т.т.
АМӨЗ	66,85	69,22	76,72	+7,5
ПМХЗ	72,02	73,22	74,34	+1,1
ПҚОП	77,46	78,76	81,68	+2,9
Үш МӨЗ бойынша	72,19	73,8	77,7	+3,9

2025 жылы барлық үш зауытта мұнай өңдеу тереңдігінің рекордтық көрсеткішіне қол жеткізілді. Көрсеткіштердің жақсаруы 2025 жылы ПҚОП-тың жөндеуге тоқтамай жұмыс істегенімен, АМӨЗ және ПМХЗ жөндеу жұмыстарының мерзімінен бұрын аяқталуымен байланысты болды.

Өңдеу тереңдігі, %

Зауыт	2023	2024	2025	2024 жылмен салыстырғандағы өзгеріс, т.т.
АМӨЗ	82,09	85,06	88,24	+3,2
ПМХЗ	89,63	91,50	93,95	+2,5
ПҚОП	84,88	85,77	88,16	+2,4
Үш МӨЗ бойынша	85,51	87,41	90,1	+2,7

2025 жылғы жөндеу жұмыстарының қорытындысы: сенімділікті қамтамасыз ету

Есепті жылы Компания активтердің тиімділігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастырды, ұстанған бағыты – елімізде отын балансын сақтау және мерзімдерді оңтайландыру.

Жөндеу жұмыстарының нарыққа тигізетін әсерін азайту үшін ҚМГ мұнай өнімдерінің қажетті қорын алдын ала қалыптастырды және жеткізілімдердің тұрақтылығын қамтамасыз ете отырып, басқа мұнай өңдеу зауыттарының өндірістік жоспарларына түзетулер енгізді.



Өңдеу активтеріндегі инвестициялық жобалардың іске асуы

2025 жылы Компания кәсіпорындардың қуатын кеңейтуге және өнім сапасын жақсартуға бағытталған жобаларды жүзеге асыруда айтарлықтай нәтижеге қол жеткізді.

Шымкент МӨЗ (ПҚОП)

Өндіріс қуатын жылына 12 млн тоннаға дейін кеңейту жобасы келесі кезеңге өтіп жатыр. Есепті жылы алдын ала ТЭН (Pre-FES) түзету аяқталды. 2026 жылы ТЭН әзірлеу жұмыстары басталды.



Павлодар МХЗ (ПМХЗ)

Қысқы дизель отыны өндірісін ұлғайту жөніндегі жоба қарқынды іске асырылып келеді. 2025 жылы гидротазарту қондырғысын қайта жаңарту бойынша (депарафинизация блогымен біріктіру) құрылыс-монтаждау жұмыстары басталды, оның аяқталуы 2026 жылғы күрделі жөндеуге сәйкес келеді. Сонымен қатар гидротазарту процестерін қамтамасыз етуге қажетті сутегі өндіретін қондырғының (сағатына 12 500 нм³) құрылысы басталды.



Caspri Bitum

2025 жылдың 2-тоқсанында ауқымды жаңғырту жұмыстары табысты аяқталды. Мұнай өңдеу зауытының қуаты 1,5 млн тоннаға дейін, ал жол битумын өндіру жылына 750 мың тоннаға дейін артты, бұл жол-құрылыс саласының өсіп келе жатқан сұранысын толығымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.



Атырау МӨЗ (АМӨЗ)

«АМӨЗ тиімділігін арттыру» кешенді бағдарламаны іске асыру жалғасуда (2023-2027 жылдар). Іс-шаралар жеңіл мұнай өнімдерінің өндірісін ұлғайту үшін негізгі технологиялық қондырғыларды жаңғыртуға бағытталған.



Тариф саясаты

Қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарының жұмысы процессингтік схема бойынша жүзеге асырылады, оған сәйкес зауыттар шикізатты өңдеу бойынша қызмет көрсетеді, ал дайын өнімді өткізу мұнай иелерінің жауапкершілігінде болады. Бұл жұмыс үлгісі өндірістік активтер үшін технологиялық тиімділікті жоғарылатуға, процестерді оңтайландыруға және шығындарды бақылауға мүмкіндік береді.

Бекітілген өңдеу тарифтері экономикалық тұрғыда негізделген және нақты операциялық шығындарды өтеу, сондай-ақ тартылған қарыздарға қызмет көрсету мен күрделі салымдарды қаржыландыру үшін қажетті инвестициялық құрамдас бөлігі ретінде ескеріле отырып қалыптастырылады.

Алыс-беріс әдісі бойынша 1 тонна шикізатты өңдеудің орташа тарифтері, тоннасына теңгемен

Зауыт	2023	2024	2025
АМӨЗ	54 079	54 450	49 593
ПМХЗ	23 240	26 500	32 212
ПҚОП	35 336	35 336	35 336
Caspi Bitum	27 791	45 835	34 865

**2026 жылы мұнай өңдеу зауыттарында өткізілетін жоспарлы алдын алу жұмыстары (мұнайды бастапқы өңдеу қондырғыларында):**

- АМӨЗ: 26 маусымнан 10 шілдеге дейінгі кезеңде (15 тәулік) ЭЛТҚ-АТ-2 бойынша ағымдағы жөндеу жұмыстары өтеді;
- 26 маусымнан 19 шілдеге дейінгі кезеңде (20 тәулік) ЭЛТҚ-АВТ (АТ блогы) бойынша ағымдағы жөндеу жоспарланған;
- ПМХЗ: 18 қыркүйектен 17 қазанға дейінгі кезеңде (30 тәулік) күрделі жөндеу жүргізу жоспарланған;
- ПҚОП: 27 наурыздан 25 сәуірге дейінгі кезеңде (30 тәулік) күрделі жөндеу жүргізілетін болады;
- Caspi Bitum: 2 желтоқсаннан 31 желтоқсанға дейінгі аралықта (30 тәулік) жыл сайынғы күрделі жөндеу өтеді.

ҚМГ-ның өз мұнайынан мұнай өнімдерін шығару және өткізу

ҚМГ-ның корпоративтік орталығы бас компанияның функцияларын орындай отырып, еншілес және тәуелді ұйымдардан (ЕТҰ) мұнай сатып алу және өңдеу бойынша операциялық қызметті атқарады. Шығарылған мұнай өнімдерін өзі сатады. Есепті жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ және «Қазақтүрікмұнай» ЖШС өндірген мұнай АМӨЗ, ПМХЗ және ПҚОП үш қазақстандық зауытта өңделді:

2025 жылы 5 612 мың тонна мұнай өңделіп, одан 5 555 мың тонна тауарлық мұнай өнімдері шығарылды:

- жеңіл мұнай өнімдері (71 %) — автобензин, дизель отыны және авиаотын;
- қою мұнай өнімдері (11 %) — мазут, вакуумдық газойль, битум;
- мұнай-химия өнімі (1 %) — бензол, параксилол;
- басқалары (17 %) — сұйытылған газ, күкірт, кокс, технологиялық отын.

Экспорттың негізгі бағыттары Нидерланд, Қытай, Әзербайжан және Түркия болды. Тауарлық мұнай өнімдерінің 5 607 мың тоннасы өткізілді, оның 91 % ішкі нарық жеткізілсе, 9 % экспортқа жөнелтілді.

2025 жылы МӨЗ-де ҚМГ-ның өз мұнайынан тауарлық мұнай өнімдерін шығару, мың тонна

Мұнай өнімдері	АМӨЗ	ПМХЗ	ПҚОП	Барлығы	2025 жылдың 12 айындағы мұнай өнімдеріне орташа көтерме баға, бір тоннаға теңгемен
Жеңіл мұнай өнімдері	2 096	1 296	563	3 954	246 608
Қою мұнай өнімдері	299	245	82	626	122 613
Мұнай химиясы	54	0	0	54	252 130
Басқалары	465	349	106	920	27 537
Барлығы	2 914	1 890	751	5 555	196 407

Сапа мен стандарттар

Шығарылатын өнім К-4 және К-5 экологиялық стандарттарына (Еуро-4 және Еуро-5 аналогы) сай келеді. 2018 жылы аяқталған модернизациялау нәтижесінде мұнай өңдеу зауыттары зиянды заттардың мөлшерін азайтты:

- күкірт — он есеге.
- ароматикалық көмірсутек — бір жарым есеге.
- бензол — бес есеге.

Экспорт және ішкі нарық

Экспортқа 495 мың тонна мұнай өнімдері жеткізілді, соның ішінде мазут, параксилол, бензол және кокс. Ішкі нарыққа жіберілген мұнай өнімдері ауыл шаруашылығы мен әлеуметтік инфрақұрылымның қажеттіліктерін қамтамасыз етті, соның ішінде жылыту үшін мазут және авиациялық қызметтерге авиаотын жеткізілді.

Қазақстан Республикасында шығарылған ҚМГ-ның мұнай өнімдерін көтерме бағамен сату, мың тонна

Мұнай өнімдері	2023			2024			2025		
	Ішкі нарық	Экспорт	Барлығы	Ішкі нарық	Экспорт	Барлығы	Ішкі нарық	Экспорт	Барлығы
Бензин	1 529	-	1 529	1 582	-	1 582	1 833	9	1 842
Дизель отыны	1 512	-	1 512	1 673	-	1 673	2 009	-	2 009
Авиациялық отын	165	-	165	213	-	213	205	-	205
Мазут	205	504	708	215	382	596	183	296	478
Вакуумдық газойль	-	81	81	-	112	112	-	1	1
Битум	87	-	87	130	-	130	134	-	134
Кокс	50	103	154	62	124	186	31	127	158
Күкірт	12	9	21	21	6	27	14	10	25
Бензол	-	12	12	-	13	13	-	19	19
Параксилол	-	8	8	-	52	52	-	33	33
Сұйытылған газ	230	-	230	256	-	256	257	-	257
Пеш отыны	3	-	3	2	-	2	-	-	-
Технологиялық отын	411	-	411	407	-	407	427	-	427
Басқасы	21	-	21	23	-	23	21	-	21
Барлығы	4 224	716	4 940	4 583	688	5 272	5 113	495	5 607

Жеткізудің үлесі мен бағыттарына бөле отырып, мұнай өнімдерінің экспортқа сатылуы

Мұнай өнімдері	2024			2025		
	Көлемі, тонна	Мемлекет	Үлесі, %	Көлемі, тонна	Мемлекет	Үлесі, %
Мазут	346 759	Нидерланд	100	295 539	Нидерланд	100
Вакуумдық газойль	107 552	Нидерланд	100	1 137	Нидерланд	100
Тазалығы жоғары параксиллол	51 790	Қытай	100	32 669	Қытай	100
Бензол	11 937	Қытай	100	19 262	Қытай	100
Күңгірт кокс	79 866	Қытай	79	110 360	Қытай	94
	19 967	Әзербайжан	20	2 708	Түркия	2
	680	Тәжікстан	1	4 123	Тәжікстан	4
Күйдірілген кокс	4 704	Әзербайжан	100	3 836	Түркия	39
				464	Тәжікстан	5
				5 453	Қытай	56
Күкірт	760	Швеция	30	7 652	Еуропа	74
	1 806	Түркия	70	2 757	Түркия	26
Бензин АИ-92 (ПҚОП)				1 276	Қырғызстан	14
				6 825	Өзбекстан	76
				923	Ауғанстан	10
Барлығы	625 823			494 983		

2025 жылғы мұнай өнімдерінің импорты

Үкіметтің тапсырмасына сәйкес 2025 жылы ҚМГ «ҚТЖ — Жүк тасымалы» ЖШС-ін қамтамасыз ету үшін 295 мың тонна көлемінде дизель отынын импорттады. Бұл дизель отыны Ресейдің мұнай өңдеу зауыттарынан жеткізілді.

Сонымен қатар Қазақстанның ішкі нарығындағы авиациялық отын тапшылығын қамтамасыз ету мақсатында ҚМГ Үкіметтің қаулысына сәйкес Ресейдің мұнай өңдеу зауыттарынан 25,1 мың тонна көлемінде авиаотын импортын жүзеге асырды.

«KС Energy Group» ЖШС қызметі**Стратегиялық трансформация**

Қазақстан Республикасының мұнай өнімдері нарығында тиімді жұмыс істеу және энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін 2023 жылғы 27 желтоқсанда «KС Energy Group» ЖШС тіркелді.

Акционерлік капиталдың құрылымы

«KС Energy Group» ЖШС-нің жұмысы және оны басқару «PETROSUN» ЖШС қызметіне ұқсас және қатысу үлесі де ұқсас қағидаттарға негізделген:

- «Қазақстандағы кннқ интернационал» ЖШС (51 %);
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (49 %).

Операциялық қызметі

Компанияның бизнес үлгісі белгілі бір тұйық циклдан тұрады және мыналарды қамтиды:

- Өзара байланысты мұнай өндіруші ұйымдардан шикі мұнай сатып алады,
- Қазақстанның мұнай өңдеу зауыттарында шикізат өңдейді,
- Мұнай өнімдерін ішкі нарықта және экспорттық бағыттарға көтерме бағамен өткізеді.

Энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және әлеуметтік міндеттемелер

«KС Energy Group» ЖШС-нің негізгі басымдығы – Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің отын жеткізу жоспарларына сәйкес экономиканың стратегиялық салаларын отынмен үздіксіз қамтамасыз ету.

2025 жылы «KС Energy Group» ЖШС-нің Қазақстанның үш мұнай өңдеу зауытында өңдеудің жалпы көлеміндегі өңдеу үлесі 46 % құрады.

2025 жылы «KС Energy Group» ЖШС мұнай өнімдерін сатудың жалпы көлемі 8 021,3 мың тоннаны құрады. Бұл ретте, өткізілген мұнай өнімдерінің негізгі көлемі ішкі нарыққа тиесілі, бұл компанияның Қазақстандағы тұрақты сұранысы мен позициясын растайды.

- 7 468,1 мың тонна (93,1 %) — ішкі нарық, оның 5 828,8 мың тоннасын (78,1 %) жеңіл мұнай өнімдері құрады.
- 553,22 мың тоннасы (6,9 %) экспортқа шығарылды.

2025 жылдың қорытындысы бойынша «KС Energy Group» ЖШС әлеуметтік бағдарламаларды орындау аясында 1 396,1 мың тонна мұнай өнімдерін жеткізді, атап айтқанда:

- ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін нарықтық конъюнктурадан төмен, уәкілетті орган ұсынған бағамен 360,8 мың тонна (25,8 %) арзандатылған дизель отыны;
- әлеуметтік-өндірістік нысандар үшін нарықтық конъюнктурадан төмен, уәкілетті орган ұсынған бағамен 114,2 мың тонна (8,2 %) әлеуметтік мазут;
- әуежайлар мен әуе компанияларға арналған 331,9 мың тонна (23,8 %) авиаотын;
- газ желісі ұйымдарының атына уәкілетті орган ұсынған бағамен 420,1 мың тонна (30,1 %) сұйытылған мұнай газы;
- Қазақстан Республикасының жол-құрылыс компанияларының атына нарықтық конъюнктурадан төмен, уәкілетті орган ұсынған бағамен ПМХЗ шығарған 163,9 мың тонна (11,7 %) жол битумы;
- Тәжікстан Республикасына гуманитарлық көмек ретінде 4,965 мың тонна (0,4 %) мазут жеткізілді.

2025 жылы электрондық сауда алаңдары (ЭСА) арқылы АИ-92/АИ-95 маркалы бензиннің, дизель отыны мен авиаотынның өндірілген көлемінің 10 % үлесі сатылды. ЭСА арқылы мұнай өнімдерін өткізудің жиынтық көлемі 398,9 мың тоннаны құрады. 2025 жылы биржадағы бағалар құбылмалы болғанына қарамастан, «KС Energy Group» ЖШС қолданыстағы бағалармен салыстырғанда 3,321 млн теңге (ҚҚС қоса алғанда) мөлшерінде қосымша табыс тапты. Бұл ретте, ең жоғары қосымша табыс биржадағы авиаотын мен дизель отыны саудасынан түсті.

Өңірлік мұнай базаларынан 534,3 мың тонна көлемінде АИ-92 маркалы бензин мен дизель отынын өткізу бойынша едәуір жұмыс атқарылды, бұл сұраныс болмаған кезеңде зауыттардың операциялық қызметінің тоқтап қалуына жол бермей, сұраныстың өсуі кезінде ЖМҚС өңірлік желілерін әлеуметтік маңызы бар мұнай өнімдері түрлерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

2025 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстан Республикасының ішкі нарығында АИ-92 маркалы бензинге сұраныстың бұрын-соңды болмаған төмендеуі жағдайында «KС Energy Group» ЖШС-нің ҚМГ корпоративтік орталығымен және уәкілетті органмен жедел әрі үйлесімді жұмысының нәтижесінде 2025 жылғы сәуір-мамыр айларында 50,2 мың тонна көлемінде АИ-92 маркалы артық бензинін рұқсат етілген экспортын жүзеге асыруға мүмкіндік берді. Бұл, өз кезегінде, Қазақстанның ішкі нарығындағы ахуалды тұрақтандыруға ықпал етті.

KMG International қызметі

Румыниядағы KMG International (Петромидия, Вега) зауыттарында өңдеу көлемі 27,9 % ұлғайып, 6 282 мың тоннаға жетті. Айтарлықтай өсімге 2024 жылы жоспарланған күрделі жөндеуден және жеңіл гидрокрекинг қондырғысын қайта іске қосқаннан кейін өндіріс қуатының қалпына келуі оң ықпал етті.

КСШ өңдеу көлемдері, мың тонна

Зауыт	2023	2024	2025
Петромидия	5 012	4 619	5 886
Вега	374	293	395
Барлығы	5 387	4 912	6 282

KMG International (Петромидия, Вега) зауыттарында мұнай өнімдерін өндіру 28,5 % артып, 6 180 мың тоннаны құрады. Бұл көрсеткіштің өсуіне негізінен зауыттарда өңдеу көлемінің тиісті ұлғаюы ықпал етті.

ҚМГ үлесіне мұнай өнімдерін шығару көлемдері, мың тонна

Зауыт	2023	2024	2025
Петромидия	4 848	4 521	5 786
Жеңіл ¹	4 269	3 974	5 125
Қою ²	411	548	661
Басқасы	168		
Вега	373	288	394
Қою	105	75	93
Басқасы	268	213	301
Барлығы	5 221	4 809	6 180

Өңдеудің нарықтағы маржасы былтырғы деңгейден жоғары, бұған дайын өнімнің, әсіресе бензин бағасының өсуі, сондай-ақ шикі мұнай бағасының түсуі себеп болды. Алайда Азиядан және Таяу Шығыстан

келетін импорттың жоғары көлеміне және дизель отынына сұраныстың қалыпты болуына байланысты маржаға деген қысым сақталып отыр.

Петромидия МӨЗ-нің өңдеу маржасы

Өлшем бірлігі	2023	2024	2025
Тоннасына АҚШ доллары	64,8	39,7	61,8
Барреліне АҚШ доллары ³	11,5	5,2	8,1

KMG International трейдингтік операциялары аясында 2025 жылы қайта сатуға арналған шикі мұнай көлемі 15 млн тоннаны құрады. Қайта сату үшін мұнай сатып алу көлемі 2024 жылғы деңгейден 1,4 млн тоннаға

асып түсті. Негізгі өсімді «Теңізшевройл» ЖШС қамтамасыз етті (+1 939 мың тонна), бұл өсім басқа жеткізушілерден шикі мұнай жеткізу көлемдерінің төмендеуімен теңестірілді.

Қайта сатылатын шикі мұнай, мың тонна

Көрсеткіш	2023	2024	2025
Қайта сатылатын шикі мұнай	7 638	13 690	15 049

¹ Бензин, дизель отыны, авиаотын және сұйытылған газ.

² Мұнай коксы, мазут, газолин.

³ Тоннаны баррельге ауыстыру үшін 7,6 коэффициенті қолданылды.

2025 жылдың негізгі нәтижелері

1. Инфрақұрылымдық бастамалар

«ЖЭО құрылысы» жобасы: Нысанды тәжірибелік пайдаланудың екінші кезеңі аяқталды және ANRE-ден¹ мемлекеттік органынан өндірістік лицензия алынды, ЕРС-келісімшартқа қосымша келісім жасасу бойынша келіссөздер жүруде. 2025 жылдың 30 қаңтарында нысанды қабылдау актісіне қол қойылып, ЖЭО-ның коммерциялық қызметі басталды. Алдағы уақытта қондырғыны DNV (Det Norske Veritas) сертификатын алу және Transelectrica-ға өтініш беру жоспарланып отыр, ANRE-нің түпкілікті лицензиясын алу мерзімі – 2026 жылдың бірінші жартысы. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында келіссөздерді аяқтап, ескертулер тізімі толық жабылады деп күтілуде.

2. Бөлшек сауда желісін дамыту

CNAIR 1² бағытындағы 12 станцияның құрылысы 2023 жылы аяқталды, барлық нысан 2024 жылдың ақпанында ашылды. CNAIR 2 алты локациясына рұқсат алынды. CNAIR 2 алты

автомагистралдық станцияның құрылысы басталды, ЕРС-келісімшартқа қол қойылды, жұмыстар қараша айында басталып кетті. 2026 жылы жеті стандартты станцияны, ал 2027 жылы тоғызын іске қосу жоспарда. Төрт стандартты станцияның құрылысына тендер жарияланады.

3. Экологиялық орнықтылық және тұрақты дамуға стратегиялық бағыт

2025 жылы KMG International экологиялық бастамаларды енгізуді жалғастырды. 2025 жылы Петромидия МӨЗ-і энергия қарқындылығы индексінің рекордтық көрсеткішіне қол жеткізілді – 92,75.

2025 жылы KMG International экологиялық бастамаларды енгізуді жалғастырды. 2025 жылы электромобильдерді қуаттауға арналған инфрақұрылымды дамытуды және тұрақты авиациялық отын өндіру технологияларын интеграциялауды қоса алғанда, декарбонизация саласындағы жобалардың іске асыруын жалғастырды.

KMG International-дың 2026 жылға арналған жоспарлары

1 Екінші буын биоотын өндірісін ұлғайту.

2 Электр көліктеріне арналған қуат беру станциялары сияқты озық технологияларды назарға ала отырып, бөлшек сауда желісін кеңейту.



¹ Autoritatea Națională de Reglementare în Domeniul Energiei, Румынияның ұлттық реттеуші органы.

² Compania Națională de Administrare a Infrastructurii Rutiere.